

Облыс әкімдігінің 2003 жылғы 3 наурыздағы "Облыс тәртіптік кеңесінің Ережесін бекіту туралы" N 41/2 қаулысына (2003 жылғы 13 наурызда әділет департаментінде МТН N 1685 болып тіркелген) өзгеріс енгізу туралы

*Күшін жойған*

Павлодар облысы әкімшілігінің 2004 жылғы 8 шілдедегі N 183/6 қаулысы. Павлодар облысының әділет департаментінде 2004 жылғы 15 шілдеде N 2645 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облыстық әкімдігінің 2008 жылғы 12 қаңтардағы N 1/1 қаулысымен.

*Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облыстық әкімдігінің 2008 жылғы 12 қаңтардағы N 1/1 қаулысымен.*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 19 мамырдағы "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 13 желтоқсандағы N 1311 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" N 556 қаулысына сәйкес облыс әкімдігі Қ А У Л Ы Е Т Е Д І :

облыс әкімдігінің 2003 жылғы 3 наурыздағы "Облыс тәртіптік кеңесінің Ережесін бекіту туралы" N 41/2 қаулысына (2003 жылғы 13 наурыздағы МТН N 1685, "Звезда Прииртышья" газетінің 2003 жылғы 29 наурыздағы N 34 жарияланды) мынадай өзгеріс енгізілсін:

аталған қаулымен бекітілген облыс тәртіптік кеңесінің Ережесі жаңа редакцияда бекітілсін (қоса беріліп отыр).

*Облыс әкімі Қ. Нұрпейісов*

Облыс әкімдігінің  
2004 жылғы "01" шілдедегі  
"Облыс әкімдігінің 2003 жылғы  
3 наурыздағы "Облыс тәртіптік  
кеңесінің Ережесін бекіту  
туралы" N 41/2 қаулысына  
өзгерістер енгізу туралы"  
N 183/6 қаулысымен

бекітілді

Облыс әкімдігінің  
2003 жылғы 3 наурыздағы  
"Облыс тәртіптік кеңесінің

бекітілді

**Облыс  
ережесі**

**тәртіптік**

**кеңесінің**

Осы Ереже Павлодар облысы тәртіптік кеңесінің мәртебесін, өкілеттіктерін, қызметінің ұйымдастырылуы мен тәртібін анықтайды.

### **1. Жалпы ережелер**

1. Облыс тәртіптік кеңесі (бұдан әрі - Кеңес) қызметін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі (бұдан әрі - Агенттік) үйлестіретін, бақылайтын және тексеретін консультативтік-кеңестік орган болып табылады.

2. Кеңес өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне, облыс әкімдігі мен әкімінің актілеріне, өзге де нормативтік-құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады және заңдылық, объективтілік пен әділдік қағидаттарын басшылыққа алады.

### **2. Кеңестің міндеттері**

3. Мыналар :

1) облыс әкімдігі мен әкімінің, өзге де әкімшілік-аумақтық бірліктердің, жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдар басшыларының, облыс құқық қорғау органдарының, аумақтық мемлекеттік органдарының (бұдан әрі - Мемлекеттік органдар) және мемлекеттік ұйымдардың қарауына осы Ереженің 17-тармағында көрсетілген тұлғаларды қызметтік этика Ережелерін бұзғаны үшін не тәртіптік жауапкершілікке тартатын сыбайлас жемқорлықты құқық бұзғаны үшін тәртіптік жауапкершілікке тарту жөніндегі ұсынымдарды енгізу ;

2) әкімдер мен Мемлекеттік органдар басшыларына тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік шеңберінде мемлекеттік тәртіпті нығайту, осы Ереженің 17-тармағында көрсетілген тұлғалардың Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасы мен қызметтік этика Ережелерінің талаптарын сақтау жөніндегі ұсынымдар мен ұсыныстарды әзірлеу;

3) Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы комиссияның сыбайлас жемқорлықпен күрес және мемлекеттік қызметшілер қызметтік этиканы сақтау мәселелері жөніндегі тапсырмаларын, сондай-ақ Агенттіктің тапсырмаларын, азаматтардың, заңды тұлғалардың өтініштерін, бұқаралық ақпарат құралдары хабарларын, өзге де көздерден алынған Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын және қызметтік этика Ережелерін бұзу туралы мәліметтер жөніндегі ақпаратты қарау;

4) осы Ереженің 17-тармағында көрсетілген тұлғалардың сыбайлас жемқорлықпен күрес пен қызметтік этика Ережелерін сақтауын ұйымдастырудың тиімділігін арттыруға бағытталған ұсыныстарды Агенттіктің қарауына енгізу Кеңестің негізгі міндеттері болып табылады.

### **3. Кеңес қызметінің ұйымдастырылуы мен тәртібі**

4. Кеңес облыс әкімдігімен құрылады және төрағадан және мәслихат депутаттарынан, жергілікті жұртшылық өкілдерінен және аумақтық мемлекеттік органдар басшыларынан тұратын Кеңес мүшелерінен тұрады. Кеңес мүшелерінің саны тақ санды, 7-ден кем болмауы тиіс.

5. Кеңестің төрағасын Агенттік Төрағасының келісімі бойынша облыс әкімі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады. Кеңес төрағасының лауазымы облыс әкімінің орынбасары лауазымына тең болады.

6. Облыс әкімі аппаратының жалпы саны есебінен құралатын хатшылық Кеңестің жұмыс органы болып табылады. Хатшылықтың санын Агенттік Төрағасының ұсынысы бойынша облыс әкімі белгілейді.

7. Кеңестің төрағасы мен Кеңес хатшылығының қызметкерлері мемлекеттік қызметші болып табылады.

8. Кеңес хатшылығының меңгерушісі Кеңестің хатшысы болып табылады. Кеңес хатшысының лауазымы облыс әкімі аппараты бөлімінің меңгерушісі лауазымына тең болады.

9. Кеңес хатшылығының қызметкерлері Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

10. Кеңес мүшелері өз міндеттерін қоғамдық негізде жүзеге асырады және Кеңес мәжілістеріне ауыстыру құқығынсыз қатысады.

#### **11. Кеңес төрағасы:**

1) облыс әкімдігі мен әкімінің қарауына Кеңестің дербес құрамы жөнінде ұсыныстарды енгізеді;

2) Кеңестің жұмысын ұйымдастырады және оның қызметін басқаруды жүзеге асырады;

3) Кеңес мәжілістерінің күн тәртібін белгілейді;

4) Кеңес мәжілістерін шақырады және онда төрағалық етеді;

5) Кеңес мүшелерінің арасынан Кеңес мәжілістерінде қаралатын нақты мәселелер бойынша баяндамашыны анықтайды;

6) тоқсан сайын Кеңес жұмысының қорытындылары, соның ішінде мемлекеттік қызметшілер жасаған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар бойынша қолданған шаралар жөнінде Агенттікке есеп береді;

7) облыс әкімін тоқсан сайын Кеңес жұмысының қорытындылары жөнінде хабардар етеді;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасымен берілген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

#### 12. Кеңес мәжілістері:

1) егер Кеңес мүшелері жалпы санының кем дегенде үштен екісі қатысқанда, заңды болып саналады.

2) қажеттілікке орай, бірақ кем дегенде екі айда бір рет өткізіледі;

3) ашық түрде өтеді, қажет болған орайда (егер мәселелерді қарастыру мемлекеттік құпияларға қатысты болса), Кеңес төрағасының шешімі бойынша және Агенттіктің келісімі бойынша жабық түрде өткізіле алады.

13. Кеңес мәжіліске қатысып отырған Кеңес мүшелерінің көпшілік дауыс беруімен шешім қабылдайды. Дауыс саны тең болған жағдайда төрағалық етушінің дауысы шешуші болады.

14. Кеңес төрағасы болмағанда, оның тапсырмасы бойынша Кеңес мүшелерінің бірі мәжілістерге төрағалық етеді.

#### 4. Кеңестің құқығы

#### 15. Кеңес өз құзыреті шеңберінде:

1) өз мәжілістерінде Мемлекеттік органдардың, олардың бөлімшелері мен мәслихаттар аппараттарының басшылары мен лауазымды адамдарын тыңдауға;

2) Қазақстан Республикасында қолданылатын заңнамаға сәйкес Мемлекеттік органдардан, мәслихаттар аппараттарынан, сондай-ақ өзге де ұйымдардан алдарында тұрған міндеттерді орындауға қажетті материалдар мен ақпараттарды сұратуға және алуға;

3) осы Ереженің 16-тармағында көрсетілген адамдардан ауызша және жазбаша түрде түсініктер талап етуге;

4) осы Ереженің 17-тармағында көрсетілген адамдардың Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама мен қызмет этикасы Ережесі нормаларын бұзу фактілері бойынша тексерістер мен қызметтік тексерулер өткізу туралы ұсыныстар енгізуге;

5) сыбайлас жемқорлықты айыптарды Агенттіктің аймақтық органдарымен бірге қарау мәселелері туралы өзара іс-қимылды жүзеге асыруға құқылы.

16. Кеңестің жұмыс органы өз құзыреті шеңберінде Кеңес Төрағасының өкімімен осы Ереженің 17-тармағында көрсетілген адамдарға қатысты тәртіптік істі қарау үшін тексерулер өткізеді, материалдар дайындайды және Кеңес алдында тұрған міндеттерді қамтамасыз ету үшін өзге де функцияларды жүзеге асырады.

17. Кеңес қалаларға, аудандарға, кенттерге, ауылдарға (селолар), ауылдық (селолық) округтерге; Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасы мен қызмет этикасы Ережесінің бұзылуына жол берген орталық мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелері мен жергілікті соттар

кеңселерінің әкімшілік мемлекеттік қызметшілеріне (басшылары мен олардың орынбасарларынан басқа), сондай-ақ мемлекеттік органдардағы, жергілікті өзін-өзі басқару органдары мен ұйымдардағы немесе жарғылық капиталында мемлекеттік меншіктің қосынды үлесі кем дегенде отыз бес пайызды құрайтын мемлекеттік функцияларды атқаруға уәкілетті басқа да адамдар мен оларға теңес-тірілген адамдарға, сыбайлас жемқорлықпен тәртіп бұзған, тәртіптік жауап беруге алып келетін аумақтық, құқық қорғау органдарының лауазымды тұлғаларына қатысты тәртіптік істерді қарайды.

Кеңес облыс прокуратура, ұлттық қауіпсіздік органдары қызметкерлеріне, Президентті Күзету қызметі мен Республикалық ұланға қатысты тәртіптік іс қ а р а м а й д ы .

18. Кеңес уәкілетті органға немесе лауазымды тұлғаға сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Комиссияның тапсырмаларын қарау қорытындыларын және мемлекеттік қызметшілердің қызмет этикасы мен азаматтар мен заңды тұлғалардың өтініштері, бұқаралық ақпарат құралдарының хабарламаларын сақтау жөнінде ұсыныс бере алады.

19. Тәртіптік кеңес төрағасы қозғаған тәртіптік істі Кеңес ол өндіріске қабылданған күннен бастап екі жұмаға дейінгі мерзімде қарауы керек.

Тәртіптік істі Кеңес мәжілісінде қарағанға дейін оның хатшылығы тексеріс жасайды (бір ай мерзімге дейін), соның барысында іске қатысты жағдайлар мен мәліметтер зерделенеді, тәртіптік жауапкершілікке тартылатын адамдардан жазбаша түсініктер сұратылады, ал тәртіптік істі Кеңес мәжілісінде қарау, әдетте, олардың қатысуымен өткізіледі.

20. Тәртіптік істі қарау қорытындылары бойынша Кеңес мына төмендегі шешімдердің бірін шығарады:

- 1) мемлекеттік органдар мен мемлекеттік ұйымдардың басшыларына осы Ереженің 17-тармағында көрсетілген адамдарды тиісті жазаға тарту ұсынылсын;
- 2) тәртіптік істің материалдары нақты шешім қабылдау үшін құзыретті мемлекеттік органның немесе лауазымды тұлғаның қарауына жіберілсін;
- 3) тәртіптік іс тоқтатылсын.

21. Осы Ереженің 17-тармағында көрсетілген адамдардың іс-әрекеттерінде қылмыс белгілер болған жағдайда Кеңес осы тұлғаны белгіленген тәртіпте қылмыстық жауапкершілікке тарту туралы мәселені шешу үшін тиісті құжаттар мен материалдарды құқық қорғау органдарына жібереді. Кеңес материалдар мен құжаттардың құқық қорғау органдарына жіберілгендігі туралы Агенттікті х а б а р д а р е т е д і .

22. Осы Ереженің 17-тармағында көрсетілген, Кеңес қабылдаған шешіммен келіспейтін мемлекеттік қызметшілер мен өзге де адамдар Қазақстан

Республикасында қолданылатын заңнамаға сәйкес шағым беруге құқылы.

23. Кеңес пен оның хатшылығының қызметін материалдық-техникалық, ұйымдық және ақпараттық-талдамалық қамтамасыз етуді облыс әкімі аппараты жүзеге асырады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК